


ҚазҰУ әлеуметтік жауапты университет деп танылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Әлеуметтік жауапкершілік бойынша университеттер желісі» (USRN) беделді ұйымының мүшесі атанды. Халықаралық ұйым Манчестер және Кембридж университеттері (Ұлыбритания), Пекин университеті (ҚХР), Гонконг политехникалық университеті, Вашингтон университеті (АҚШ), Сан-Паулу университеті (Бразилия) сынды танымал ЖОО-ларды біріктіреді.

Жалғасы 2-бетте

Кезекті жетістік

ҚазҰУ еліміздің жоғары оқу орындарының ішінде алғаш рет QS Stars - «Төрт жұлдыз» артықшылық белгісіне ие болды.



Фарабиевские чтения



На этой неделе в КазНУ открылись Фарабиевские чтения. Идея проведения грандиозного научного форума, инициированная ректором академиком Галымом Мутановым перешла отечественные границы и с каждым годом набирает известность и популярность в мире. В этом году международные Фарабиевские чтения проводятся в пятый раз и собрали ученых из разных стран.

Открыл работу чтений — Фараби форум. В мероприятии приняли участие ученые из 30 стран мира, видные казахстанские общественно-политические деятели, представители академической общественности, докторанты и студенты КазНУ. Тепло приветствуя гостей и участников форума ректор КазНУ Галым Мутанов отметил, что огромное научное наследие великого мыслителя Востока Аль-Фараби продолжает оставаться актуальным для человечества по сей день.

«В этом году мы проводим пятый международный форум и надеемся, что он внесет свою лепту в развитие современной науки и образования, в актуализацию идей выдающегося Абу Насра Аль-Фараби — умению жить в гармонии и согласии с миром, людьми и с самим собой», — подчеркнул ректор.

Выступающие на конференции отметили, что за много веков человечество не стало добродетельным, до сих пор происходят военные конфликты и теракты. И сегодня как никогда актуализируется вопрос сохранения мира и спокойствия на всей планете. Учение Аль-Фараби, его идея о построении добродетельного общества поможет открыть путь к взаимопониманию стран, народов и граждан мира, способствовать его устойчивому развитию.

КазНУ, являясь единственным вузом в мире носящим имя Аль-Фараби, проводит огромную работу по сохранению и популяризации его наследия. Так, его учение о добродетельном городе легло в основу проекта «Al-Farabi University smart city», представляющего симбиоз инновационно-технологической и духовно-нравственной платформ развития университета. Совместно с Альянсом цивилизаций ООН реализует международный проект «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». В мае 2018 года в штаб-квартире ООН под эгидой Альянса цивилизаций пройдет международная конференция по сближению культур и цивилизаций, посвященная 1150-летию Аль-Фараби. Ожидается, что 2020 год будет объявлен ЮНЕСКО годом Аль-Фараби.

В рамках международных Фарабиевских чтений, которые продлятся до 14 апреля, по различным направлениям науки пройдут 17 крупных международных мероприятий — научные конференции, круглые столы и семинары, конкурсы инновационных проектов.

Соб.конт.

Өз тілшімізден

БҮГІНГІ САҢДА:

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ



2-бет

ПРОЕКТ – 100 ИНТЕРЕСНЫХ ФАКТОВ ОБ АЛМАТЫ



3-стр.

SMART STUDENT'S ЖОБАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



8-бет

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Халықаралық әскери ынтымақтастық шеңберінде ҚазҰУ-дың әскери кафедрасына Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің әскери делегациясы келді.

Делегация мүшелері қатарында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі кадрлар бас басқармасының бастығы генерал-полковник В.П.Горемыкин, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт ұйымы біріккен штабының бастығы А.Сидоров болды.

Әскери кафедраның 80 жылдық тарихы, ондағы бітірушілердің жеткен жетістіктері мен запастағы офицерлерді дайындау жөніндегі оқу үдерісі делегация құрамының ерекше қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ арнайы іссапармен келген делегаттарға әскери кафедраның құрлық әскерлері және мототықшытар әскерлері, ӘШҚҚ оқу-жаттығу полигоны, интерактивті лазерлік тир, ЖӘЖМ механик-жүргізушісінің және зенит атқыштарының тренажерлары бар оқу-материалдық базасы және барлық оқытылатын пәндер бойынша мамандандырылған аудиториялар көрсетілді.

Әскери кафедра

Филология және әлем тілдері факультетінде шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен «Алиса ғажайыптар елінде» атты шара өтті. Қызықты шараға «Шетел филологиясы және аударма ісі» мамандығының 1-3 курс студенттері атсалысты.

Шара барысында оқиға желісі келесі тәртіппен өрбіді. 19 жасар Алиса Кингслидің өмірінде таңғажайып оқиға орын алады. Оның құрметіне жасалған сауық кешінде лордтың ұлы -Хэмиш есімді ақылсыз, бірақ бай жігіт некелесуге ұсыныс айтады. Жауап берместен қыз халық арасынан қашып шығады да, алдынан шауып шыққан қоянның соңына ілеседі. Сөйтіп, ол қоянның ініне түсіп кетіп, күтпеген жерден таңғажайып әлемге тап болады. Оны түрлі жануарлармен және кейіпкерлермен таныстық күтіп тұр еді. Студенттер өз кейіпкерлерін жоғары деңгейде сомдады.

Кеш соңында шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының менгерушісі Дanelь Қарағойшиева шараның жоғары дәрежеде өткендігін атап өтіп, студенттерге ризашылығын білдірді.

Н. БАЛҒАТ,

филология және әлем тілдері факультетінің оқытушысы

Шығыстану факультетінде Пәкістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Әбдул Салих Хан пен Алматыдағы Пәкістан Республикасы Өкілдігінің екінші хатшысы Басит Сәлім Шах және оның көмекшісі Манас Кәрібаевпен кездесу өтті.

Шығыстану факультеті деканы Ықтияр Палтөре пәкістандық делегацияға алғыс білдіре отырып, екі ел арасындағы өзара ұқсастықтарды атап өтті. Кездесуде ғылым және мәдениет саласындағы Пәкістан-Қазақстан қарым-қатынасын одан әрі жандандыру және ҚазҰУ мен Исламабад қаласындағы Қайд Эзам атындағы ұлттық университет арасындағы бұрын жасалған келісім-шартты қайта жаңғырту мәселелері сөз болды.

Өз кезегінде Пәкістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Әбдул Салих Хан студенттер мен оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мақсатында ҚазҰУ мен Исламабадтың заманауи тілдер ұлттық университетімен ынтымақтастық орнату мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Шығыстану факультеті

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Кезекті ректорат мәжілісі SciVal аналитикалық базасындағы жарияланым белсенділігінің статистикасы туралы ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжановтың баяндамасымен басталды.



«SciVal – бұл ғылымның барлық салалары бойынша зерттеулер нәтижелерін ұсынуды және бағалауды қамтамасыз ететін инновациялық веб-шешімдер кешені. Ұйымдардың, ғылыми бөлімшелердің және жетекшілердің стратегиялық инвестицияларын оңтайландыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарының одан әрі бағыттарын тиімді айқындауға және персонал мен серіктестерді іріктеу бойынша ұтымды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. SciVal бағдарламасы 4 600 ғылыми-зерттеу институттарының және әлемнің 220 елінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тез әрі оңай қолжетімділікті қамтамасыз етеді», - деді Серік Мұхамбетжанов. Оның айтуынша, барлық кафедра ғалымдарының еңбектерін импакт-факторлы Thomson Reuters және Scopus-та индекстелетін «Springer» рейтингтік журналдарда ғылыми мақалалар санын арттыру қажет. Осы ретте факультеттердің барлық оқытушы-профессорлар құрамына SciVal – Scopus библиографиялық дерекқорында жарияланымдар санын көбейтуді тапсырды.

Кезекте QS Subject Ranking-те филология және әлем тілдері факультетінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы туралы қазақ тіл білімі кафедрасының менгерушісі Сәезд Ақымбек баяндама жасады. Оның айтуынша, кафедрадағы оқытушылар құрамының штаттық жалпы саны отызды құрайды. Ғылыми дәрежесі бар жиырма алты оқытушы жұмыс істейді. ҚазҰУ-дың ағылшын тіліндегі ғылыми журналдарындағы хиршасы 3-тен жоғары алыс шетелдік авторлармен бірлесе отырып шығаратын мақалалар санын ұлғайту бойынша Түркия және Қытай Халық Республикасының университеттерімен мақалалар әзірленіп жатыр. ҚазҰУ хабаршысы сериясына ғылыми кеңесшілер докторанттармен 4 мақала ұсынғанын айтты кафедра менгерушісі. Сондай-ақ ол жана оқу жылынан бастап ағылшын тілінде білім беру бағдарламасын іске асыру жоспарланып жатқандығын айтып, шетелдік студенттерді тарту, ағылшын тіліндегі контингентті және координаторды білім беру бағдарламалар санын өсіру жайын атап айтты.

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының менгерушісі Дanelь Қарағойшиева барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие

жұмысы бағыттарындағы басты мәселелерге баса назар салды. Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық пәндердің жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған менгерушісі ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санын көбейту мен QS SUBJECT ғылыми бағыттарының рейтингінде алға жылжу үшін халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттігін атап өтті.

Мәжіліс барысында QS Subject Ranking-те филология және әлем тілдері факультетін алға жылжыту бойынша басқа да кафедра менгерушілері кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жол карталарын ұсынып, жиын соңында студенттерге Мая Шығаева атындағы қор тағайындаған шәкіртакылар табысталып, ҚазҰУ ғалымдары арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ әлеуметтік жауапты университет деп танылды

Әлемде корпорациялар мен бизнес-құрылымдардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға дәстүрлі түрде үлкен көңіл бөлінеді. Әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруда ЖОО-лардың да атқарар рөлі зор. Университеттер білім беру қызметі және ғылыми зерттемелер түрінде қоғамдық игіліктерді құрып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мінез-құлық ережесінің қайнар көзі болып табылады. Заманауи жоғары оқу орнының міндеті білікті мамандар даярлаумен шектелмейді, бүгінде ол қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікпен толығуы тиіс.

Бұл парадигма жетекші университеттерді адамзаттың аса өзекті және қауырт мәселелерін шешудегі ЖОО-лардың әлеуметтік рөлін нығайту үшін бірігіп, консорциум құруға итермеледі. USRN қызметі заманауи өркениеттің болашағы үшін ЖОО-лардың әлеуметтік жауапкершілігін орындауда мүше-университеттердің тиімді өзара әрекеттесу тұғырнамасын құруға бағытталған.

Сан-Паулу университетінде өткен USRN арнайы конференциясында айтулы ұйым мүшелері қазақстандық жетекші университетті қатарға қабылдау туралы шешімді бір ауыздан қабылдады.



Конференцияда ҚазҰУ-дың БҰҰ тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретіндегі тәжірибесі кенінен таныстырылды. ҚазҰУ ұсынған жоғары оқу орындары дамуының жаңа тұғырнамасы – 4.0 университет үлгісі ұйым мүшелерінің үлкен қызығушылығын тудырды. Бұл моделді жүзеге асыруда қоғамдық сананы жаңғыртуға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы басты бағдар болып табылады. Ол төрт құрамдас бөліктен тұрады: білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік.

Бүгінгі күні 4.0 университет үлгісі негізін инновациялық-технологиялық және рухани-адамгершілік тұғырнама үндестігі құрайтын «Al-Farabi University smart city» жобасында іс жүзінде жүзеге асуда.

Баспасөз қызметі

Шығысқазақстандықтарға КӨМЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Шығыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге қаржылық көмек көрсетті.

ҚазҰУ ғалымдары мен оқытушылары су тасқыны кезінде қиын жағдайға тап болған жандарға көмек көрсету үшін бір күндік еңбек жалақыларын аудару жөніндегі жоғары оқу орны басшылығы мен кәсіподақ комитетінің ұсынысын бірауыздан қолдады.

«Біз күнделікті жаңалықтардан апат салдарының қалай жойылып жатқанын көріп отырмыз, осы өңірдің тұрғындарының қайғысына ортақпыз. Адамдар баспанасыз қалды, мүліктерінен айырылды. Осындай қиын тұста бүкіл ел олармен бірге екендігін сезінген өте маңызды», – деп атап өтті философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова.

Ешбір кафедра, ешбір оқытушы, университеттің ешбір бөлімі тыс қалған жоқ. Университет қызметкерлерінің материалдық көмегі арнайы қаражат есебіне аударылды, қаражат жинау жұмысы одан әрі жалғастырылатын болады.

«Біз зардап шеккендерден алыстамыз, алайда осы жиналған қаражат оларға қандай да бір жәрдем болар деп үміттенеміз. Су тасқынынан зардап шеккен аудандарда біздің кейбір оқытушыларымыздың туысқандары мен таныстары тұрады, сондықтан да біз олардың қиыншылығын жеке басымыздың қиыншылығындай қабылдаймыз», – деді журналистика факультетінің доценті Марлан Негізбаева.

Өз тілшімізден

КазНУ стал первым вузом Казахстана и единственным в Центральной Азии, получившим «Четыре звезды» превосходства в международном рейтинге «QS Stars Development Road map»

В КазНУ имени аль-Фараби дан старт уникальному проекту под названием «100 интересных фактов об Алматы», инициатором которого в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» выступил клуб краеведов-этнографов Альянса университетов «U 38».

Проект – 100 ИНТЕРЕСНЫХ ФАКТОВ ОБ АЛМАТЫ



Руководитель клуба краеведов-этнографов Альянса «U 38», декан факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби Мендыгүл Ногайбаева отметила, что главной целью этой инициативы является вовлечение молодежи в важную социальную практику по изучению родного края. «В наш проект, наряду с учеными историками – специалистами по археологии, краеведению и этнографии, уже сегодня вовлечены несколько тысяч алматинских школьников и студентов», – подчеркнула она. «Для молодежи это возможность выйти «за границы учебников» в реальную жизнь и эмпирическим путем, через историко-краеведческие и этнографические поиски «прикоснуться» к истории и культуре города. Такой формат обогатит соиздательный опыт молодежи и будет только способствовать формированию интереса и бережному отношению к историческому наследию родного края».

«Алматы – это неповторимый город с тысячелетней историей. Здесь сосредоточено большое количество уникальных памятников архитектуры и культуры, старинных и интересных достопримечательностей. Город является центром туризма для зарубежных и отечественных путешественников, и такой проект раскроет Алматы с новых сторон», – отметил доцент Казахской академии спорта и туризма, экскурсовод О.Г. Лютерович.

Ученик 11 класса гимназии № 138 им. М.Базарбаева Динмухамед Алиаскаров поделился новыми сведениями об истории возникновения названий улиц, зданий и прославленных жителей г. Алматы. Такие исследования, отметил ученик, возрождают любовь, чувство уважения, патриотизм и уверенность в светлом будущем.

Участники стартовавшего проекта планируют регулярно знакомить общественность с ходом исследований. Своими впечатлениями и находками юные краеведы будут делиться в социальных сетях, в том числе в интерактивном режиме, а также на страницах периодических изданий. По итогам проекта будет издан сборник «100 интересных фактов о городе Алматы» и разработана карта археологических и исторических памятников южной столицы и ее окрестностей.

Соб.к.к.рр.

Рухани жаңғыруды ӨЗІҢНЕН БАСТА!

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсеткен кемелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерден құралған маңызды құжат.

Рухани жаңғыру, ең алдымен, адамның ұлттық санасының дамуымен байланысты. Негізгі мақсат – ел бірлігін, бейбітшілікті сақтап, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, алпауыт елдермен ық тірестіретін алып державаға айналу. Бұл бастама тек жоғарғы билік өкілдеріне ғана емес, барша азаматқа жауапкершілік жүктейді. Ел болып жұдырықтай жұмылсақ қана, жоба оң нәтижесін бермек. Жанартулардан жасқанбай, керісінше, жарқын болашаққа ұмтылсақ, аспан асты елдерінің тұғырында біздің де өз қолтанбамыз қалары һақ. Бұл мақалада еліміздің өркендеу жолдары, болашағы, ұлттық құндылықтары сөз болып отыр. Сол себепті де әрбір қазақ азаматы рухани жаңғыруды өзінен бастағаны жөн.

Осы орайда аталмыш бағдарлама аясында 4 сәуірде ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде 1-курс студенттері арасында «Рухани жаңғыруды өзіңнен баста» атты дөңгелек үстел өтті. Студенттер Елбасы мақаласымен түгелдерлік танысып, өз ойларын ортаға салды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Бәсекеге қабілеттілік», «Үш тұғырлы тіл» тақырыптарында сөз қозғалып, өзекті ойлар айтылды. Факультет ұстаздары – Съезд Ақынбек пен Самал Дәрібаев студенттерге қолдау көрсетіп, өз пікірлерін білдірді.

Назерке ҚАДЫР,
филология және әлем тілдері факультетінің
1-курс студенті;
Жетекші-әдвайзер: **Анар ӘШІРОВА**

Форум аясында

4 сәуірде студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясы аясында Экономика және бизнес жоғары мектебі профессорлары мен оқытушыларының ұйымдастыруымен «Инвестициялық белсенділікті ынталандыру: ҚР-дағы даму тенденциясы» тақырыбында халықаралық студенттік онлайн конференция өтті.

Халықаралық шараға РУДН (Ресей), Тәжікстан Славян университеті, Халықаралық бизнес университеті және ҚазҰУ-дың 1-курс магистранттары, оның ішінде Қытай Халық Республикасының азаматтары қатысып, тақырыпқа байланысты өз жұмыстарын ортаға салды.

Жастар елдің инвестициялық климатының барысы, инвестициялық жобалардың тиімділігін саралаудың заманауи әдістері, инвестицияны тартудың қазіргі таңдағы мәселелері, жақын және алыс шетелде инвестицияны тартуды ынталандырудың қандай құралдары қолданылуда, Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту елдің инвестициялық ахуалын түзетуге қандай үлес қосады деген мәселелерді талқылап, өз ойларымен бөлісті.

Шараны өткізуге мұрындық болған э.ғ.к., доцент Айжан Әсілова баяндамаларды қорытып, ел инвестициясының болашағы жарқын, ал бөлініп жатқан қаражаттар динамикасы экономиканың көркеюіне ықпал етіп отырғандығын тілге тиек етті.

Сондай-ақ конференция ҚР инвестициялық саясатының даму тенденциялары, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, инвестициялық белсенділікті арттырудағы халықаралық тәжірибе аясындағы мәселелерді қамтыды.

Р.Д. ДОСЖАН,
PhD., доцент м.а.

Қазақстан мен Еуропалық одақ қарым-қатынасына – 25 жыл



4 сәуірде V халықаралық Фараби оқулары шеңберінде ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде Еуропалық ақпараттық орталықтың ұйымдастыруымен Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуына 25 жыл толуына орай және ҚазҰУ жанындағы Еуропалық ақпараттық орталықтың 20 жылдығына арналған «Қазақстан мен Еуропалық Одақтың ынтымақтастығы: қазіргі таңдағы үрдістері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шара Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің қолдауымен жүзеге асырылды.

Халықаралық конференция жұмысына ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, елші Траян Христее, Герман Федеративтік Республикасының Бас консулы Йорн Розенберг, Венгрияның Бас консулы Юдит Ланг, Алматыдағы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілдігінің басшысы Руслан Бультриков, шетелдік зерттеушілер мен сарапшылар: Франциядан – Пьер Шабаль, Ұлыбританиядан – Роджер Макдермотт, Түркиядан – Гулчен Айдын, қазақстандық ғылыми-зерттеу және академиялық мекемелердің сарапшылары қатысты.

Шара барысында дипломатиялық корпус өкілдері және сарапшылар бірінғай экономикалық кеністік құру мәселесі, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық, азаматтық қоғамды дамыту және Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері бағытында пікір алмасты. Осы уақыт шеңберінде қол жеткізілген нәтижелер мен болашақ басымдықтар

айқындалды. Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, елші Траян Христее екі жақты қатынастардың саяси, экономикалық, мәдени, экономикалық, энергетикалық, білім беру саласындағы ынтымақтастықтың жана деңгейге өткендігін атап өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі – білім беру саласындағы жетістіктерге ерекше назар аударды.

2019 жылы Еуропалық Одақ Орталық Азияға қатысты жаңа стратегия қабылдайтындығын жариялаған болатын. Осы орайда конференцияға қатысушылар алдыңғы стратегияның кемшіліктерін ескере отырып, жана жобадан нені күтуге болады, Орталық Азия мемлекеттері ЕО-ға не ұсына алады деген сұрақтарды қызу талқыға салды.


Г.С. БАЙКҮШКОВА,
халықаралық қатынастар және әлемдік экономика
кафедрасының доценті м.а.



ҚазҰУ-да V Халықаралық Фараби оқулары аясында «ЮНЕСКО білім беру бағдарламасын қолданудағы прогресс: тұрақты даму парадигмасы» атты форум өтті

Қазіргі қазақ психология ғылымының қарышты қадамы

Қалың бұқараның қамы үшін қажет ілім-білім сан алуан. Солардың бірі әрі бірегейі – жан туралы ғылым, психология десек қателеспейміз... Ұлы дала тұрғындарын жан мен тән туралы ұғым түсініктерінің түп-төркіні мен ілкі бастауларының қалыптасып, дами бастағанына, әрісі сақ, ғұндарды айтпағанда, берісі Орхон-Енисей тас жазуларынан басталатыны хақ.



психология ғылымы» дейтін 10 томдық сериялық атпен жарыққа шығарып отыр. Біз осы фактіні «Қазақ ұлттық психология ғылымының қарқынды дамуының ерекше бір көрінісі» дер едік.

Онтмдық қазақ-орыс тілдерінде құрастырылған. Бұлардың әрқайсысы 20 баспа табақтан тұрады. Оның I томы қазақтың психологиялық ой-пікірлерінің қалыптасу және дамударының (VI-XX ғ.ғ.); II том осы еңбектің орыс тілінде «Основные этапы истории становления и развития казахской психологической мысли» (VI-XX в.в.); III том қазақтың ардагер ғұламалары, Алаш қозғалысының белсенді өкілдері Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтың психологиялық мұраларын талдауға арналған. Бұл том «Құғындалған қазақ психологиясы» деп аталады; IV томға «Кенес дәуірінде ана тілімізде жарық көрген психологиялық зерттеулердің мәтіндері (1917-1991)» еніп отыр. Ғылыми мәтіндерді жариялауды қазақ ғылымында психология алғаш көтеріп отыр; V томға жалпы психологияның жоғары оқу орындарына арналған және 11 рет қайтара жарық көрген еңбек еңсе, VI томға (қазақ тіліндегісі 158 бет, орыс тіліндегісі 182 бет, барлығы 340 бет) «Ұлттық психология мен этика» деген атпен орта мектеп оқушыларына арналған қазақ-орыс тіліндегі оқу құралы енгізілген; VII том «Жалпы және қазақ этнопсихологиясы» деп аталады; VIII томның көтерген жүгі ауыр. Ол белгілі ғалым Ө.Озғанбаевтың қаламынан «Қазақтың шешендігі мен көсемдігі психологиясы» (публицистикалық психология) деген атпен

осы серияға қосылса, IX том 1917-2017 жылдар арасында I ғасыр шамасында жарық көрген ғылыми еңбектердің психологиялық библиографиясы» деп аталынса, X том «Психологияның қазақша түсіндірме сөздігі» деген атпен берілген. Біз бұлардың әрқайсысына келешекте жеке пікірлер, ой-түйіндер жазылатынына сеніміміз мол.

Бұдан он шақты жыл бұрын Президент Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен «Мәдени мұра» жұмыс тобы құрылған-ды. Осы кезде психология ғылымының әлемдік өкілдерінің тандамалы еңбектері де төл тілімізге аударылған еді. Бұл еңбектер Алматыда 2005-2006 жылдары жарық көрген болатын. Бұл жұмыс та психологияның дамуына қолайлы әсер еткені белгілі.

Дегенмен, психология саласында әлде де болса шешімін таппай келе жатқан мәселелер де бар. Олардың кейбірі: жалпы білім беретін орта мектептерде психология пәнінің оқытылмауы, осы мамандық бойынша гранттардың аз бөлінуі, ТМД елдеріндегідей (Ресей, Украина, Грузия т.б.) психология ғылымы-зерттеу институтының бой көтермеуі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласына сүйене отырып, психология ғылымының келешегі зор екендігін көреміз. Шешілмей жатқан мәселелер біртіндеп шешіліп, ұлы далада өркен жайған ұлттық жан ілімінің жана деңгейге көтерілетіндігіне сеніміміз мол.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы

РАСШИРЯЯ ГРАНИЦЫ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби принимает участие в международных образовательных программах, включая программу ERASMUS+ в рамках Европейской Комиссии. Цель программы – поощрить сотрудничество между вузами, расширить границы обмена студентами, преподавателями и исследователями, способствовать их мобильности, в особенности из стран-не членов ЕС в страны-члены ЕС.

Мобильность преподавателей является важной составляющей системы высшего образования, позволяющей развиваться университетам как стран программы, так и стран-партнеров, где мобильность становится стимулом для улучшения качества преподавания, совершенствования деятельности путем сравнения и обновления программ обучения студентов. Мобильность преподавателей является катализатором реформирования системы высшего образования.

Для профессорско-преподавательского состава Казахского национального университета мобильность положительно влияет на качество обучения через формирование и развитие инструментов признания. В 2017-2018 учебном году преподаватели химического факультета КазНУ имели возможность пройти стажировку в рамках программы Эрasmus+. Так, например, мне посчастливилось пройти краткосрочную стажировку teachingmobility в весеннем семестре в Университете имени Николая Коперника г. Торун в Польше. Для меня как преподавателя было важно испытать свой профессионализм, проводя лекции и семинарские занятия в одном из ведущих государственных университетов Польши. На факультете химии Университета имени Николая Коперника студенты бакалавриата обучаются по специальности «Косметическая, медицинская, пищевая химия», для которых мне довелось читать лекции по коллоидной химии на английском языке. Могу отметить, что стажировка помогла мне получить интернациональный опыт преподавания и обучения студентов основам дисциплины «Коллоидная химия и межфазные процессы», познакомиться с ППС кафедры физической химии и полимеров, поделиться с ними опытом и обсудить проблемы преподавания в вузе, и, надеюсь, внести вклад в сотрудничество между нашими университетами. Отраднo было чувствовать востребованность своей дисциплины студентами Университета имени Николая Коперника, так как Польша является передовым государством с развитой технологией, особенно в области получения и производства высокотехнологичных косметических средств и пищевых продуктов.

Хотелось бы поблагодарить и отметить работу в реализации стажировки сотрудников Департамента международного сотрудничества, а именно Айжан Турауров за помощь и поддержку, а также координаторов со стороны Университета имени Николая Коперника проф. Wojciech Kujawski Ewa Derkowska-Rybicka.

А.О. АДИБЕКОВА,

доцент кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов

В стране сейчас большое внимание уделяется интернационализации высшего образования. Почти век назад выдающийся казахский поэт, политик и просветитель Мыржақып Дулатов сказал, что в мире существует конкуренция в области знаний и технологий и, чтобы стать независимыми, казахи должны изучать передовые культуры стран мира. С этой точки зрения инвестиции Японии в образование Казахстана будут иметь большое значение для нас.

Сотрудничество университетов



подтверждается необходимость усилий наших стран в продвижении обмена в области образования.

Учитывая необходимость в сотрудничестве двух стран кафедра «Биомедицинской и доказательной медицины», медицинского факультета КазНУ им. аль-Фараби организовала встречу с деканом Колледжа Ритсумейканского Азиатско-Тихоокеанского Университета (Беппу, Япония) - Тодороки Хироши и международным

консультантом технического содействия в оценке потенциала маммологических служб по различным уровням системы здравоохранения в Казахстане, международным координатором Министерства здравоохранения Республики Казахстан, профессором Колледжа Ритсумейканского Азиатско-Тихоокеанского Университета (Беппу, Япония) Сериком Мейрмановым. На встрече принимали участие декан медицинского факультета

Ж.А.Калматаева, декан факультета географии и природопользования В.Г.Сальников, заведующая кафедрой Дальнего Востока Н.Б. Ем, заведующий кафедрой международных отношений и мировой экономики Е.С.Чукубаев, заведующая кафедрой международного права Ж.Т. Сайрамбаева, заведующая кафедрой биомедицинской и доказательной медицины Ж.В.Романова и др.

В рамках данной встречи обсуждались вопросы о сотрудничестве Университетов, академической мобильности студентов, научной стажировки магистрантов, обмен сотрудниками и преподавателями университетов, привлечение ведущих ученых для научного руководства докторантами PhD, развитие международных проектов, а также другие формы образовательного и научного сотрудничества.

По итогам встречи участники подготовили проект договора о совместном сотрудничестве.

Айжан РАУШАНОВА,

и.о. доцента кафедры биостатистика и доказательная медицина

В КазНУ состоялась встреча первого проректора Мухамбеткали Буркитбаева с делегацией японской компании «Chiyoda Technol Corporation»

Абайды білмек паңыз

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылық мұрасы мен өнегелі өмірі – М.Әуезов шығармашылығында үлкен орын алған тақырып. Жазушының Абай өмірі мен шығармашылығын ғылыми-зерттеу жолында сіңірген қыруар еңбегі зор екені сөзсіз. Ол 1936 жылы романның «Татьянаның қырдағы әні» атты тарауын, 1939 жылы Л.Соболевпен бірге «Абай» атты трагедиясын, 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуымен байланысты «Абай» операсының либреттосын және «Абай жырлары» атты көркем суретті фильмінің сценарийін т.б. еңбектерін жазған. Алайда жазушының Абай образын кемеліне келтіре суреттеп көрсеткен классикалық шығармасы – «Абай жолы» эпопеясы.



М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы 1945-1973 жылдар аралығында әлемнің 40-қа жуық тіліне аударылған. Әдетте бұл аудармалар сатылы түрде орыс тіліндегі аудармасынан жасалынды. «Қай тілде жазылса да, халықтың өз мүлкіндей, төл туындысындай болып кеткен» бұл туындының әлі де талай әлем тілдеріне аударылатыны сөзсіз.

М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясының аудармасына аса жауапкершілікпен қараған. Аудармашылардан түпнұсқаның көркемдік құндылығының орыс тілінің құралдарымен мүмкіндігінше дәл жеткізілуін талап еткен. Түпнұсқаның мағынасын, эмоционалды, стилистикалық ерекшелігін аудармада үнемі сақтау қиынға соққанымен, аудармашылар жазушының талап үдесінен шықты. М. Әуезов аударманы қарап шығып, түсіндірме жасаған, тиісті ой-ұсыныстарын білдірген. Аудармашылардың роман-эпопеяны автормен ақылдаса отырып аударуы өз нәтижесін берді. Жазушының «Абай жолы» шығармасын орыс тіліне аударуға өте мұқият қарап, үнемі қадағалап отыруының мәнісі түсінікті. Кітаптың «бүкіл табиғатына, бүкіл атмосферасына дендеу» туралы тілегінде де аудармашылардың Абайды тануы, терең білуі туралы талабы жатқаны анық.

М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінің мұрағат қорында жазушының өз бастамасымен жасалған «Абай романының I-II томдарының идиомалық сөз тіркестерінің орыс тіліне аударылуының картотекасы» бар. Бұл картотека 340 беттен тұрады. (АММА, Крп-1 №36). Ескінің көзіндей ескіріп, машинкада басылған картотекада автордың пікірлері, ескертулері қолмен, көк қарындашпен жазылған. Мысалға 84-парақта «Жер ашуы – жан ашуы – кровная месть» деген тұсына «не достаточно, вовсе не точно» деп, екінші картотекасының «Абай II» деп көк қарындашпен жазған жазушы сөздеріне қарағанда, идиомалық тіркестердің, жалпы фразеологизмдердің, солардың ішінде Абайдың фразеологизмдерінің аудармасына автордың ерекше көңіл бөлгенін көреміз.

Роман-эпопеяның екінші кітабында Абай әкесі Құнанбайды қажылық сапарға шығарып салып, қайтып келе жатады. Күйме ішінде екі адам. Абай және апасы Мәкіш. Мәкіш інісінің көңіл-күйін барлап келеді. Абай Семейтаудың көркіне көз салып, көңілі толқып келеді. Осы сәтті жазушы былай суреттейді: «Мынау салқын лебі айықпай ескен көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сыя алмай сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады»

Жазушының суреттеуінде Абайдың ақындық болмысына тән қасиеттердің бір

қыры осындай сырлы сазбен өріледі. Бұл жерде Абайдың көңілін осынша тебірткен табиғат ажары ашық көрінген. Жазушы Абайдың осы сәттегі толқынысының сырын оның Мәкішке айтқан сөзінің сарыны арқылы аңғартады. Сол сарынға қарағанда, Абайдың көңіліндегі «өлеңнің әнге оралып, еркеленіп келуі» қажылыққа аттанған әкенің сапарымен байланысты емес. Мәкіш Абайдың қандай өлең айтатынын сұрағанда, Абайдың былай деп жауап беретіні бар: «Мен сүйген мен күйгенді айтам. Сүйгенім оралмастай алыста. Ал айнымастан қасымда, жанымда қалар – жалғыз күйігім ғана...».

А.Никольская, Т.Нұртазин, Л.Соболев аудармасында бұл сәт түпнұсқаға сай аударылған. Абайдың көңіл толқыны, тебіренкі күйі, қиял өрісі оның ақындық табиғатына лайықты әсерлі мазмұнмен берілген. А. Ким болатын болса, ол роман-эпопеядағы «мынау салқын лебі айықпай ескен көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сыя алмай сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады» деген суреттемені өзінше түсініп, өзінше дамытып, оған он екі жол өлең қосып аударды. Өлең дүние ісін қалдырып, қажылыққа аттанған адам туралы:

Отбросив все – богатство, достояние,
Отправился священный край искать.
Перед всевышним он, смиренно,
с покаянием
Согнув колени, хочет предстоять.
Не терпится сынам степей, казахам,
Воочию поломника святого лицезреть,
Которого влечет небесный свет Аллаха,
А достояние земное он решил презреть.
Муж благородный думает заранее,

Что перед Богом он предстанет, наконец.
И чистота души – бессмертья упование,
И смерть, Макиш, для жизни всей – венец.

А.Ким Абайға осы өлеңді айтқызады. Бұл сипаттағы өлең туралы, әрине, әнге оралып, еркеленіп келеді... үзіле алмай ырғалады деудің ешқандай реті жоқ.

А.Кимнің аудармасы роман-эпопеяның асыл нұсқасындағы эмоциялық саз, эстетикалық хал, ақындық болмыс сияқты көркемдік-эстетикалық құндылықтардың құтын қашырған, жазушы шығармасында суреттелген құбылыстың мәні мен мағынасын өрескел бұзған. Аудармашы түпнұсқаны өзгертіп, айрықша мәні бар мағыналық-құрылымдық бірліктерді қысқартып, өз жанынан ой мен сөз қосып, өлең салып, орынсыз, жөн-жосықсыз еркінсіген. Жазушының Абай образын жасау жолындағы іргелі еңбегінің басты, айрықша мәнді бір сәтінің әсем суреті аудармада, осылайша, ажарсыз, әрсіз, жөнсіз көрініске айналған.

Абайдың көңіл-күйі, қуанышы мен реніші, қайғысы мен мұны оның өзінің шығармашылығында тұнып тұр. Олардан ақын болмысының ерекше қыры мен сыры танылады. Солардың қатарынан мына жайларды көрсеткен дұрыс болар деп ойлаймыз: сезімталдық, ойшылдық, көрегендік, тапқырлық, жөнге жүйріктік, т.б. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, М. Әуезов өз роман-эпопеясында Абайдың әсершіл, сыршыл, ойшыл болмысын барынша шынайы ашқан. Абай болмысының осы ерекшеліктері – роман-эпопеяның көркемдік-эстетикалық табиғатының тамаша қасиеті. Мұндай қасиетті жасау қаншалықты шеберлікті талап еткен болса, оның мәнін түсіну, тану, пайымдау соншалықты білімді, тереңдікті қажет етеді.

Роман-эпопеядағы Абайға қатысты оқиғалар, Абайдың өз айналасымен қарым-қатынасы, Абайдың образы – бұлардың әрқайсысы күрделі тұтастық. Олардың әрқайсысында тұтас бір әлем жатыр. Олардың ешбір бөлшегін, ешқандай деталін өзгертуге, басқа бірденемен ауыстыруға жол жоқ. Олар – өз алдына айнымас құндылық. Сондықтан мұндай көркемдік құбылысты басқа тілге аудару – аудармашыдан үлкен жауапкершілікті ғана емес, үлкен суреткерлікті талап етеді. Бұл талапты әрбір екі қаламгердің бірінен іздеуге болмайды.

Өмірдегі Абай – Абайдың өз шығармашылығында көрініп тұрған дара да дана және нақты тарихи тұлға. Роман-эпопеядағы Абай – образ. Тарихи тұлғаны тануға болады. Ал Абай секілді дара да дана ақынның образын тану, жете түсіну қиын. Роман-эпопеяны аудару барысында жазушының аудармашылармен қоян-қолтық араласып жұмыс жасауының мәнісі осы қиындықты оңайлатуды көздегенінде.

Көркем туындының жазылуына да, аударылуына да үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігі дау тудырмайды. Ал ұлттық сипаты қанық, ұл тағдырының, ұлт тарихының бар асылын, бар ауыртпалығын бір бойына сыйдырған роман-эпопеяны аударудың жауапкершілігі оны жазып шығудың жауапкершілігінен жоғары болмаса, төмен болмауы керек. М. Әуезов Абай туралы, оның заманы туралы эпопеясының басқа тілге аударылуына осындай жауапкершілікпен қарады. Бұл жазушының шығармашылық еңбекке деген, Абайға деген көзқарасының аласармас асқар биігінің көрінісі еді.

Индира ӘЗІМБАЕВА,
аға оқытушы

Программа Эрасмус+



Что я могу отметить как преимущество опыта обучения по академической мобильности? Во-первых, это новые знания, знакомство с совершенно новой системой обучения и, конечно же студенческая жизнь. Еще одно преимущество – это целенаправленно построенная система обучения Сплитского Университета, направления на интеграцию в Европейское Пространство Высшего Образования.

В процессе обучения я решила, что хотела бы более глубоко специализироваться в выбранной специальности и работать на международном уровне, например, в Международном Институте Стандартизации и Сертификации. Я как современный человек, будучи студентом, всегда стараюсь активно участвовать в общественной жизни университета. Поэтому обучение за границей позволило принять участие во всех мероприятиях, получить новые впечатления и разделить мой опыт с иностранными студентами и найти новых друзей по всему миру.

Самым важным, на мой взгляд, было то, что мой индивидуальный план обучения в зарубежном ВУЗе полностью соответствовал моей образовательной программе нашего университета.

Немаловажно и то, что все профессора в зарубежном вузе всегда помогают студентам в решении любой проблемы. В процессе обучения европейские профессора акцентировали особое внимание на применение полученных знаний не только в теории, но на практике. Например, в рамках изучения курса «Контроль качества» профессора Домогоя Бульян Барбача наша группа ознакомились с рабочим процессом системы контроля качества пищевых продуктов ХАССП, которая осуществляется на всех этапах производства от хранения и реализации продукции в четырехзвездочном отеле «Далмина» в городе Сплит.

При сдаче финального экзамена каждый студент индивидуально должен разработать документ по стандартизации для научного фестиваля, который проводится ежегодно в

Сплитском Университете, начиная с 2002 года. Благодаря этому, мне посчастливилось посетить научный фестиваль, который включает в себя более ста мероприятий в неделю.

При изучении курсов Исследование рынка и Инновационное предпринимательство мы разрабатывали бизнес-план для инновационного бизнеса и, тем самым, улучшали наши лидерские навыки.

Для студентов проводятся языковые курсы с носителями языка. Я изучала итальянский язык, и в то же время могла практиковать язык со студентами из Италии на проекте «Познакомься с моей страной». Этот проект организован молодежной организацией ЕСН и объединяет студентов из разных стран, позволяет узнать обычаи и традиции всех государств. Такие проекты способствуют дружескому общению студентов не только в учебное время, но и вне университета.

Прибытие на обучение в новую страну – это уже путешествие, знакомство с культурой другой страны. С одной стороны, я обучаюсь, и с другой стороны, так же как и у студентов Сплитского университета, у меня есть возможность выбрать удобное для меня расписание уроков, что дает мне дополнительное время для путешествий. Ведь Хорватия – это страна с удивительной природой, многовековой историей и множеством известных достопримечательностей, расположенных на берегу Средиземного моря. Местные люди – очень приветливые, оптимистичные, открытые к общению и всегда рады помочь.

Я думаю, что опыт, полученный при обучении по программе Эрасмус+, поможет мне в будущем внести вклад в развитие моей страны.

Дана МУСИНА,
студентка физико-технического факультета

Студенттердің толерантты мінез-құлықтарының тәжірибесін меңгеру кезінде ата-ананың берген үлгілері үлкен мәнге ие. Толеранттық көзқарасты дұрыс қалыптастыруда кітапхананың атқарар міндеті де ауқымды.

Кітапхананың тәрбиелік бір қыры

деген тамаша сөз айтқан. Адам айнаға қарап бет жүзін көретіні сияқты кітап оқу арқылы жана әлемді таниды, басқа ұлттың, басқа халықтың, басқа бір елдің, қоғамның мәдениетін, тілін, тұрмысын, салт-дәстүрін біледі. Сол себепті білім беру саласы кітапханасының қорындағы әдебиеттердің мазмұны да тәрбие түрлеріне сәйкес болып келеді. Қордағы әдебиеттердің басым бөлігі тәрбие құралы болып табылады.

Ал толеранттылық рухта тәрбиелеуді кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарастыру қажет, өйткені ол төзімсіздік сияқты келенсіздікке жол бермейді. Кітапхананың көркі және негізгі айнасы – кітап көрмелері. Кітап көрмелері – барлық кітапханалардың күнделікті жұмыстарының бірі болғанымен, оқырмандар үшін көп мүмкіншілігі бар сала. Оқырман қауыммен тек қана сөйлесу арқылы ғана емес, көрме арқылы да қарым-қатынас жасауға болады. Әрбір көрме – оны ұйымдастырған кітапханашының әлемге деген көзқарасы, кітап арқылы оқырманға жеткізбекші болған мәліметі, оқырманға арналған тәрбие құралы. Осы мақсатта кітапханада көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды, ашық көлемді арнайы кітап көрмелерін ұйымдастыру кітапхананың басқа да жұмыстар түрінен ұтымды да маңызды түрі болып келеді, оқырмандар жақсы ұйымдастырылған көрменің қасынан бей-жай өтіп кетпейді. Әр саладағы кітап көрмелері арқылы оқырмандардың білімін, мәдениетін, рухани көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін



байытып, тәрбиелеу жұмысына үлес қосу – әр кітапхананың міндеті. Кітапханашыға жүктелер жауапкершілік үлкен, тақырып тандайтын да, тақырыпты ашуға қатысатын оқырмандарды сөйлетуші де өзі болады. Алдымен кітапханашы белгіленген тақырып аясында қатысушыларды айтылар ойға жұмылдырады, тақырыпқа ортақтастырады, тақырыптың түпкі мақсатына, яғни негізгі идеясына жетелейді. Кітапхана оқырмандарының қызығушылығын тудыратын басқа да көпшілік шаралардың түрлері жеткілікті, мысалы әдеби кештер, библиографиялық шолулар, ақпарат күндері, әңгіме, дөңгелек үстелдер, кітап тұсаукесерлері, оқырмандар конференцияларын, кездесулер

өткізуде кітапхананың міндеті өте зор. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттер арасында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Қорыта айтқанда, студенттерге рухани-танымдық, отансүйгіштік тәрбие беруде кітапхананың атқарар жұмысы өте ауқымды. Болашақта да кітапхана тәрбиенің барлық түрлерін беретін, мәдени, ақпараттық орта болып қала бермек.

**«Кітапхана ісі» мамандығының
1-курс студенттері;
Жетекшілер:
А.А. ЖАМАНКӨЗЕВА, Н.Б. ДЕНГЕЛБАЕВА**

ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин Испания ашық чемпионатында брасс өдісімен 50 және 200 метр қашықтыққа жүзуден қарсылас шақ келтірмей, екі алтын медаль жеңіп алды

SMART STUDENT'S жобасы ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



ҚазҰУ-да Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен «Айналады нұрландыр» және «Рухани жаңғыру» жобалары аясында «Сұңқар кубогы SSP» ойындарының финалдық кезеңі өтті.

Жаңа атаумен бастау алған шаралар қатысушы командалар әзілмен ғана емес, білімдерімен, логикалық ойлау қабілеттерімен де танылды. Алғашында маусымашар ойындарынан 17 командадан суырылып алға шыққан жүзден жүйрік, мыннан тұлпар атанған 6 құрама команда, «Физтех құрамасы» және «Құқықтық тәртіп сақтау жасағы», «Кластастар» мен «Мамасының балалары», «Мехмат» және «Химфак» құрамалары бірігіп, өнерсүйер көпшілікке керемет ойын өрнегін көрсетті.

Ойынның шымылдығын ашқан «Мехмат» және «Химфак» құрамалары өздерінің факультет декандарымен біріге отырып ойын көрсетіп, өзгелерден дараланды. Командаларға баға беріп, төрелік еткен қазылар қатарында журналистика факультетінің деканы С.Медеубекұлы, «Bugin Group» компаниясының директоры А.Қуатбаев, «Сұңқар» СМК төрайымы Ш.М.Бүрлібаева, жайдарманшы, актер Н.Жақсығен болды.

Финалдық кезең 3 кезеңнен тұрды, олар:

сәлемдесу кезеңі – Preface, латын әріптері арқылы ситуациялық жағдайларға жауап беру және соңғы кезең LED экранда көрсетілген суреттерге қарай отырып, жасырылған сөзді, фразеологизмдерді табу болды.

Финалдық ойынның өз деңгейінде өтуіне ат салысқан студенттер кәсіподағының серіктестері мен демеушілері: «Bugin Group» компаниясы, «Dostik Travel» компаниясы, «Basilic» тәтті тағам аумағы мейрамханалар желісі, «Gravity» батут орталығы, «Step-by-step» білім беру орталығы, Ерке Ибрагим make-up artist, Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағы, «Alpha academy» тіл үйрету орталығы, «Көпен келе жатыр» продюсерлік орталығы, «Zhuldyz tv» музыкалық арнасы, Super sushi суши орталығы, «Movie» дүкендер желісі және т.б.

«Сұңқар кубогы» үшін командалар арасындағы тартыста азғана басымдықпен үстем болған «Мехмат» пен «Химфак» құрамалары суырылып алға шығып, 2018 жылғы SSP ойындарының жеңімпазы атанды. Аталған

командаларға елордамыздың 20 жылдығына орай Астана қаласына жолдама берілді. Екінші орынды «Физтех» пен «Құқықтық тәртіп сақтау жасағы» құрамалары еншілеп, жаз айларында Ыстықкөл жағалауларында демалуға жолдама алды. Ал «Мамасының балалары» мен «Кластастар» командалары үшінші орынды қанағат тұтып, отандық туризмді дамыту мақсатында Шарын каньоны шатқалдарына жолдама алды.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан номинациялар бойынша, жылдың «Үздік ойыншысы» номинациясына «Физтех» құрамасының ойыншысы Бағлан Данабеков лайықты деп танылып, «Dostik Travel» компаниясының атынан БАӘ астанасы Дубай қаласына жолдама алды. «Үздік капитан» номинациясын «Кластастар» командасының капитаны Ернар Жолдаубеков алып, «Парасат» алматы кәсіподағы атынан заманауи MP3 музыкалық аппаратына ие болды. «Mr.SSP» номинациясын «Химфак» құрамасынан Жаксылық Нұрғиса еншілессе, «Mrs.SSP» номинациясымен бірге Е.Ибрагимнің сән салонының 15 000 теңгелік сертификаты «Құқықтық тәртіп сақтау жасағының» жалғыз

аруы Маринаға бұйырды. «Alpha academy» ұсынған 45 000 теңгелік сертификат ойынның «Креативті ойыншысы» номинациясын алған Әбдіхалық Есенге табысталды. Ойын барысында өздерінің шынайы жанкүйер екенін кезекті рет дәлелдеп, командаларына барынша қошеметпен қолдау көрсеткен физика-техникалық факультеті мен Құқықтық тәртіп сақтау жасағы финалдық кезеңнің «Ең үздік жанкүйерлері» атанды. Осы кеште «Парасат» Алматы кәсіподағы төрағасының орынбасары Нұрсерік Барлық «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төрайымы Шұғыла Мейрамбекқызын «Жылдың ең үздік ұйымдастырушысы» ретінде атап өтіп, кәсіподақ атынан алғыс хатын табыстады.

«Сұңқар кубогы SSP–2018» ойындарын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ телерадиокешені түсіріп, ақпараттық қолдау көрсетті. Креатив пен қызыққа, тартыс пен бәсекеге толы болған сайысқа келген қонақтар мен ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы өз жоғары бағаларын беріп, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



Аңыз адамдар арамызда

ҚазҰУ әскери кафедрасында «Әскери журналистика» және «Тәрбие және идеологиялық жұмыстар» әскери-есептік мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттердің қатысуымен «Аңыз адамдар арамызда» атты ерлік сабағы өткізілді.

Ерлік сабағына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, отставкадағы полковник Қазыбек Мамсуров пен жауынгер-интернационалист, «Қызыл жұлдыз» орденінің кавалері, запастағы полковник Асқар Қоңыров қатысты.

Полковник Қ.В. Мамсуров Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алуы мен Қарулы Күштерінің құрылуы ісінде Елбасы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың рөлі, мемлекетіміздің ұлттық бірлігін нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы студенттерге кенінен баяндап берді. Еңбегі сіңген ардагер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуы тарихынан жарқын мысалдар келтіріп, тәрбие және идеологиялық



жұмыстарды ұйымдастыру және оларды өткізу әдістемесіндегі тездессіз тәжірибесімен бөлісті. Қазыбек Владимирович Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігімен әйгіленген, үш генералды тәрбиелеп өсірген нағыз әскерилердің әулетінен шыққандығын атап өткеніміз жөн.

Полковник А.Ж. Қоңыров қазіргі заманғы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу ісінде ауғандық жауынгерлердің рөлі, Тәуелсіз Отанымызды қорғаудағы жауынгерлік парызыңды маңыздылығы туралы айтты.

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Көкейтесті кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен «Дайындық бөліміндегі қазақ диаспора өкілдері, оралман тыңдаушылардың оқу үлгерімі, тәртібі және құжаттарын тіркеу мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараға Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан Алматы қаласы филиалының басшысы Айбөпе Мақұлбекова және орынбасары Серікқали Ахметов, Алматы облыстық филиалының басшысы Дамер Жайнақ және орынбасары Мұқан Мамытханұлы, Алматы облысы көші-кон полициясы бөлімінің бас маманы Айгүл Атейбекова, Алматы қаласы ПД көші-кон қызметі басқармасының аға инспекторы Ләззат Мұхитова, Алматы қаласы Мемлекеттік еңбек инспекциясы жөне көші-кон басқармасы, көші-кон бөлімінің басшысы Құлбаран Галиева және көші-кон бөлімінің бас маманы Күлзиға Оспановалар, факультет басшылығы, оқытушылар мен тыңдаушылар қатысты.

Кездесу Қазақстанға келіп, дайындық бөлімінде білім алып жатқан оралман тыңдаушылардың оқу үлгерімі мен құжаттарды рәсімдеу мәселесіне арналды. Дөңгелек үстел барысында Айбөпе Мақұлбекқызы мен Дамер Асқарәліұлы ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде оқып жатқан оралман жастардың оқуға, тәртіпке және құжаттарды рәсімдеуге байланысты сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

Сондай-ақ тыңдаушыларды көптен бері мазалап жүрген виза, тұрақты тіркеу, уақытша тіркеу, оралман куәлігі, шетелдіктің тұруына ықтиярхаты, Қазақстан азаматтығын алу мәселелері де кенінен талқыланды.

Марат ӘМІРХАНОВ,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3049

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.